

Алматы облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 29 қаңтардағы № 26 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 30 қаңтарда № 6207-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 52 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3051 болып тіркелген);

2) Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы "Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы "Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" № 54 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" № 80 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3754 болып тіркелген).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев